

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ**

Әдістемелік ұсыным

**АСТАНА
2014**

Пікір жазғандар:

Р. Х. Айтмағанбетова, пед. ғылым. канд., доцент

Н. Ф. Юсупова, балабақша меңгерушісі

Ж. Г. Махмутова, әдіскер

Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға мемлекеттік тілді оқытудың инновациялық әдістері әдістемелік ұсынымы. – Астана, 2014. – 28 бет.

Әдістемелік ұсынымда мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға мемлекеттік тілді оқытудың инновациялық әдістерін енгізу және қолдану бойынша материалдар берілген және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие сапасын және педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагог қауымға, педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған.

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Қазір білім мен ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Бұл педагогтардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу – ең негізгі міндеттер деп айқындалған.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді ескере отырып, «Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға мемлекеттік тілді оқытудың инновациялық әдістері әдістемелік ұсынымын» әзірлеп, ұсынып отырмыз.

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымда ересек жастағы балаларды инновациялық әдістерді қолдану арқылы мемлекеттік тілді меңгертудің жолдарын көрсету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды мемлекеттік тілге үйретуде педагогтардың тәжірибесін зерделеу;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың инновациялық әдістерін талдау;
- қазақ тілін үйренуде мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздік қорын дамыту шарттарын анықтау.

ИННОВАЦИЯ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Инновация – латын тілінен аударғанда «жаңа», «жаңарту», «жаңалық» дегенді білдіреді екен. Яғни, С.Ожегов сөздігіне сүйенсек, инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық болып шығады.

Қолдану ерекшелігі мен орнына байланысты жаңалық енгізудің бірнеше түрлері ажыратылады:

1. Технологиялық инновациялар – өнімдерді, өндірістің жаңа технологияларын дайындаудың жаңа тәсілі. Бұл жаңалықтар білім беру саласында оқытуда қолданылатын әртүрлі технологиялық құралдар мен жабдықтарға байланысты. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, ақпараттық ортаға ену және бағдарламалық қамсыздандыру жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

2. Әдістемелік инновациялар – сабақ беру мен білім алу, тәрбиелеу және оқыту әдістемесі, оқыту және оқу саласындағы инновациялар. Олар білім беру саласында ең көп таралған, жаратылыстану ғылымдық және гуманитарлық пәндерді оқытуды мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жоғары білімге дейін оқыту үрдісін, мамандарды дайындауды қамтиды.

3. Ұйымдастырушылық инновациялар – еңбекті ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін орнықтыруға қатысты.

Ал, білім беру технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді.

Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту үдерісін түбегейлі өзгертуді және оқытудың жаңа технологияларын оқыту үдерісіне тиімділікпен енгізу жолын негіздейді. Бұл жаңа бағыт оқудың нәтижесін алдын ала болжап және сол арқылы балалардың өзін-өзі дамытуға қатысуын мүмкін етеді. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесін қалыптастырған еңбектер мен зерттеулерде қазақстандық білім беру ұйымдарының болашағына игі ықпалын тигізер жолдар мен бағыттар да айқындалды. Баланы білім беру үдерісінің нысаны ғана емес, сол үдеріске қатысушы маңызды субъектісі деп санап, оның ана тілінде терең ойлай алуы мен шебер сөйлеуін, сауатты жазу тілін дамытып, оқу барысында алған білімі мен игерген машық-дағдыларын өмірдің қажетті жағдаяттарына сай әрі дұрыс қолдана алатын дәрежеге жеткізу – жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мақсаты.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі, осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Олар Монтессори технологиясы, Н. Зайцев, Ф. Фребель жүйесі бойынша Вальдорфский педагогикасы (Штайнер әдістемесі) бойынша оқу материалдары қолданылады.

Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығышулық тудырады. Олар интеллектуалды балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру

үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың интеллектуалдық сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Оларға 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тілге, математикаға, логикаға оқытуға арналған «E-Blocks» интерактивті бағдарламасымен қамтамасыз ету; оқыту кешендері, балалардың жан-жақты дамуына, тілдерге ерте оқытуға, Қазақстан халқының мәдениеті мен ұлттық мәдениетті оқытуға бағытталған оқыту кешендері: сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі»; сөйлейтін қаламы бар «ZEREK»; «Интерактивті дыбыстық картасы» жатады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогикалық технологиялардың бірнеше түрлері қолданылады.

Тұлғалық-бағдарлы технологиялар

Бұл технологиялар білім беру жүйесінің ортасына бала тұлғасын қояды, даму жағдайына жайлы, жанжалсыз және қауіпсіз жағдайлармен қамтамасыз етіп, табиғи шығармашыл әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тұлғалық қарым-қатынасына басымдығына ерекше көңіл аударып, іс-әрекет субъектісі ретінде баланың жан-жақты, еркін және шығармашылықпен дамуын мақсат етіп қояды.

Басқа да тұлғалық-бағдарлық технологиялар бар:

Зерттеушілік (мәселелік-ізденушілік).

Бұл технологияға тән сипат педагогтің «жаңалықтар ашу арқылы оқыту» үлгісін жүзеге асыру болып табылады.

Коммуникативті (пікір-талас). Бұл технологияның ерекшелігі зерттелетін сұрақтар бойымен әр түрлі пікірлерді сипаттайтын, оларды салыстырып, пікірсайыстарды шынайы пікірді талқылау арқылы іздестіру болып табылады.

Имитациялық үлгілеу (ойын).

Бұл технологияға тән ерекшелік білім беру кеңістігінде өмірлік маңызды кәсіби қиыншылықтарды үлгілеу және оларды шешу жолдарын іздестіру болып табылады.

Психологиялық (өзін-өзі анықтау).

Берілген технология осы немесе басқа білім беру іс-әрекетін орындау бойынша баланың өзін-өзі анықтауын жүзеге асырады.

Іс-әрекеттік.

Бұл технологияға тән сипат баланың алдағы іс-әрекетті жобалап, оның субъектісі болу мүмкіндігі болып табылады.

Рефлексивті

Бұл технологияның ерекшелігі баланың іс-әрекетті яғни, қандай тәсілдер арқылы нәтижелер алынды, соның барысында кездескен қиыншылықтар, олар қалай шешілді және бұл ретте ол не сезінгенін түсінуі болып табылады.

Егер барлық технологиялардың ерекшеліктерін біріктірсек, онда интегралды технология пайда болады. Интегралды технологияның өкілдерінің бірі жобалық іс-әрекет болып табылады, оның негізіне белгілі мәселені шешуге іріктеліп алынған жоба жатады.

Проблемалық-жобалық технологияның мәні белгілі бір мәселелерді шешу және жолдарын іздестіруге балалардың қызығушылықтарын ынталандырудан

құрылады. Ол балалардың танымдық материалда проблеманы анықтап, педагогпен бірге белгілі бір жобаны әзірлеп, оның шешу жолдарын бірігіп табуды баяндауын болжайды.

Жобамен жұмыс істеу нәтижесінде баланың ойы белсендіріледі, білім, білік дағдыларын шебер меңгеруі жүзеге асады.

Берілген технологияны қолдану дербестікке үйретеді, шығармашыл бастамашылығын дамытады. Қоршаған ортамен таныстыруда, ойындар мен еңбек іс-әрекеттерін ұйымдастырғанда, қарапайым математикалық түсініктері мен әңгімелесу дағдыларын қалыптастыруда тиімді.

Ойын технологиялары

Заманауи мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойын іс-әрекеті тұтас коммуникативті-ойын ортасында кіріктірілген білімдері негізінде жинақталатын ұғымдарды меңгеру үшін дербес технология ретінде қолданылады. Ойын әдісі басқа әдістерден айрықша ерекшеленеді, ол балаға зерттелетін құбылыстың қызметіне қатысуына, біршама уақыт «нақты» өмірлік жағдайларда өмір сүру мүмкіндігін береді.

Ойын әдісінің ерекшелігін айтарлықтай деңгейде ойын ортасы анықтайды. Балалармен жұмыс барысында ойындар: бөлме, көше, компьютер, заттармен және заттарсыз, үстел үстіндегі баспа, басқару тетігі бар ойындар және т.б. қолданылады.

Ойын технологияларының мазмұнына ойын іс-әрекетінің басқа да тәсілдерімен үйлесімділігінде түрлі компоненттерді қолдану кіреді: сұрақтар, нұсқаулар, түсіндірмелер, анықтамалар, көрсетулер. Оқытудың ойын түрін ұйымдастыруда балаларды танымдық іс-әрекетке ынталандыруға қозғаушы құрал ретінде ойын уәждемелерінен құрылады. Заманауи ойын технологиялары күрделі ойлау операцияларын шешуді болжайды: трансформация (аударма, таңбалар мен сөздер), түсіндіруге арналған міндеттер (мағынасын, мәнін және т.б. түсіндіру).

Ақпараттық технологиялар

«Заманауи ақпараттық технологиялар баланы қоршаған ортаның терезесі секілді»

Ақпараттық технологияларға барлық арнайы техникалық ақпараттық құралдарын қолданатын технологиялар жатады.

Ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) жаңа білім беру тәсілдерін анықтайды. Олар баланың дамуы мен оқытудың сапалы жана мазмұнына сәйкес келеді.

Ақпараттық технологиялардың көмегімен ақпараттармен жұмыс істеу іскерліктері қалыптасады, коммуникативті қабілеттері дамиды, «ақпараттық қоғамды» табуда тұлғаны дайындау жүзеге асырылып, зерттеушілік іскерліктері мен тиімді шешімдерді қабылдау қабілеттері қалыптастырылады. АКТ-ны дәстүрлі тәрбиелеу және оқыту әдістемелерімен, сонымен қатар, педагогикалық инновациялармен үйлесімді біріктіргенде оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттыруға, қоршаған ортаны тұтастай қабылдауын қалыптастыруға мүмкіндіктер туғызады. Компьютерлік технологияларды қолдану жеке алған

білімдерін емес, тұтас, бірімен тікелей байланысты, мөлшерленген және арнайы ұйымдастырылған жүйені болжайды. Қоғамның заманауи талаптарына сәйкес АКТ-ны қолдану білім беру қызметінің сапасын арттыруға, мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңа перспективалық мүмкіндіктерімен толықтырып, кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған ақпараттық технологиялардың мазмұнына жаңа буын техникалық оқыту құралдары енеді:

- компьютер, проектор, экрандар, сенсорлық интерактивті тақталармен жабдықталған мультимедиалық кабинеттер;

- компьютерлік дамытушы ойындар;

- балаларды оқытуда педагогтерге айтарлықтай мүмкіндіктерін арттыратын анимация элементтері бар видео және фото материалдар.

Балабақшадағы сабақтардың өзіндік ерекшеліктері бар, олар дыбыс және видеожазбаларды, үлкен иллюстрациялы материалдарды қолдана отырып, сезімге толы болуы тиіс. Бұның бәрін мультимедиалық мүмкіндіктері бар компьютерлік техника қамтамасыз ете алады. Бұл жерде компьютер тәрбиешіні ауыстырмай, тек толықтырып тұруы тиіс. Сондықтан компьютерлік технологияны білім беруге ендіру – қисынды және заманауи ақпараттық әлемді тұтастай дамытуға қажетті адым. Сонымен, есту және көру арқылы әсер ете отырып, мультимедиалық технологиялар жаңа мүмкіндіктер мен ақпараттар алуға жағдайлар жасайды. Бірақ, дидактикалық құрал ретінде қолданылатын заманауи ақпараттық технологиялар сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру барысында оң нәтижеге тек жасына сәйкес жұмыс түрлері мен әдістерін тапқанда ғана қол жеткізеді.

Проблемалық оқыту технологиясы

Проблемалық оқыту технологиясы – баланы өз бетімен ізденуге үйрету, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Яғни, балалардың белсенділігін арттыру, оқу материалына баланы қызықтыратындай мәселе тудыру, бала материалды сезім мүшелері арқылы ғана қабылдап қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді, бала оқытуды өмірмен және еңбегімен байланыстырады.

Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін балаларға ұсынатын өзекті сұрақтар жүйесін жасап ұсыну қажет. Және де кез-келген сұрақ өзекті бола алмайды. Өзекті сұрақтың жауабы дайын емес немесе жоқ, оны бала өзі іздеп табуы қажет. Пайда болған мәселе баланы ойлануға оның жауабын іздеуге итермелеуі қажет. Бұл жерде балаға шешуге берілген өзекті сұрақ балаға шешуі қиын болуы, екінші жағынан баланың жасына оның сана-сезіміне, біліміне лайықты болуы қажет. Осындай өзекті жағдай туғызып, сұрақ қою – проблемалық оқытудың алғашқы кезеңі болып табылады.

Келесі кезеңінде бала іштей өз білімін талдап, таңдап, олардың жауап алуға жеткіліксіз екенін анықтайды да ізденіс жолына белсенділікпен түседі. Ал, үшінші кезеңде ол сұрақтың жауабын дұрыс шеше білу амалдарын, жаңа білімді меңгереді. «Мен білдім!» деген қуанышты жағдайға жетеді. Кейінгі кезеңдерде

дұрыс жауапты тексереді, алғашқы гипотезамен салыстырады, алынған білім мен білікті қорытындылайды, жинақтайды.

Проблемалық оқытудың жақсы жақтары:

- балалардың логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- білім алуға қызығушылығын арттырады;
- оларды өздігінен саналы ізденуге үйретеді;
- білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне қол жеткізеді.

Өздігінен даму технологиясы – бұл баланы жан-жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемі мен ойлау әрекетінің бірігуі. Мұнда оқыту бала дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда ғана бала өзін дамыта алады.

Бұл технологияның ерекшелігі оқытудың бірыңғай бағдарламасы болмайды, әркім табиғат берген даму жолымен жүреді. Балабақшада сабақ болмайды әр күн жалпы жиыннан басталады және жиыннан кейін әркім өз еркімен қалаған жұмысымен айналысады. Әр баланың іс-әрекеті өз еңбегіне орай үлкендердің басқа бала тарапынан бағаланады. Мұндағы басты мәселе бала өзін-өзі бағалайды.

Ынтымақтастық педагогикасы – педагогтың талап ету педагогикасынан қарым-қатынас педагогикасына көшуі. Балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің ажырамас бірлігі: тәрбиеші-бала, бала-тәрбиеші, бала-бала, яғни бала да тәрбиеші де субъектілер болып табылады. Сонымен қатар, баланың жеке басына ізгілік қарым-қатынас, бала мен тәрбиеші арасындағы өзара түсінуге, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау.

Бұл технологияның негізгі мақсаты – баланы азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату.

Деңгейлен саралап оқыту технологиясы – білім, білік, дағдыны меңгерту болып табылады. Әр баланы қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, балалардың әр түрлі топ ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды бейімдеу, ыңғайлау.

Модульдік оқыту технологиясы – оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық процесті ұйымдастыру, тәрбиешіге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Балалармен жүргізілетін жұмыстарда кездесетін қиыншылықтардың алдын-алу және түзету жұмыстарының жүйесін құру.

Дамыта оқыту технологиясы – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтаныш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік т.б. қасиеттер дамыту.


Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес,

мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

«Технология» сөзі – гректің «шеберлік, өнер» және «заң, ғылым» сөздерінен шыққан – бұл шеберлік туралы ғылым.

Кез-келген технологияның маңызы



Инновациялық технологиялар – тәрбиелеу мен оқытуға қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған заманауи әдістер мен ұтымды тәсілдердің, тәрбиелеу мен оқытудың дәстүрлі емес әдістерінің, жаңа оқыту құралдарының жүйесі.

Инновациялық технология – алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқудың әдіс-құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы болып табылады. Инновациялық технологияда мазмұн, әдіс және құралдардың өзара байланысы десек, ал аталған озық әдістемені қажетінше педагогикалық міндетке сәйкес іріктей білу педагогтың педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар аз емес және олар оң нәтижелерге жеткізуде.

Интерактивті оқыту технологиялары

Берілген технологиялар баланы жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру үдерісінде белсендіруші әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқытушы және дамытушы сипаттағы әдістемелерді қамтиды, олар: *оқуға ерте үйрету, тілдерге үйрету (тілдердің үштұғырлығы), танымдық материалды сызбалық-таңбалық үлгілер негізінде үйрету, М. Монтессоридің өзін-өзі дамыту әдістемесі, ұжымдық пікірталас және оқу-рөлдік ойындарының әдісі.*

Интерактивті оқыту әдістері балаға адами өзара іс-әрекет пен қарым-қатынасын ұйымдастыру арқылы бағытталған.

Оқуға ерте үйрету

Интерактивті технологияларға оқуға ерте үйрету де жатады. Балаларға сөздерді толық оқуға үйретудің озық әдістемесін балаларды ерте оқытудың қолдаушысы Глен Доман әзірледі. Дәрігер ретінде ол оқу мидың өсу кезеңінде



ғана тиімді екенін білді. Ал адамның миы жеті-жеті жарым жасқа дейін, әсіресе, алғашқы үш жылда қарқынды өседі.

Доманның әдістемесі қазіргі уақытта да қажет. Балаларын ерте оқуға үйретуді бастау үшін ата-аналар мен тәрбиешілерге көмектесетін жаңа әдістемелік кешендер әзірленді. Бұл кешендер, - «Жөргектен оқу», «Жөргектен оқу әліппесі», «Глен Доманның үлестірме қағаздары», бұларды Ресейдің ғана емес, сонымен қатар басқа да шетелдердің ата-аналары мен тәрбиешілері сәтті қолдануда.

«Жөргектен оқу»

Бұл технология бала өміріне маңызды кезең ойлау қабілетінің – миының белсенді өсу кезеңінде және өмір бойындағы «интеллектуалды қуатының» қалыптасуына, зейінін маңызды затқа шоғырландырып, ұстап тұру іскерлігін дамытуға жағдайлар жасайды. Әріптер мен буындарды алдын-ала үйренусіз тұтас сөздерді жүгіртіп дербес оқу негізінде ақпараттардың үлкен көлемдерін еш қиындықсыз сақтайды. Баланың миы жаңаны қабылдауға барынша ашық, ол кез-келген ақпараттарды жеңіл меңгереді. Сөзді толық қабылдай отырып, бала материалды тезірек меңгереді, келіп түскен ақпаратты жеңіл өңдейді. Бұдан кейін жылдам ойлауы дамиды – тез ойлап, талдау жасау іскерлігі. Бұл адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі.

Топтаманың құрамына 800 сөзден құралған үлестірме қағаз енген, олар кішкентай баланың сөздік қорын толықтырып, зейінін, ойын, есін, көруін, естуін, тілін дамытады.

Сабақтар балаға белгілі жүйемен үлестірме қағаздардан көрсетуден құралады. Бір сабақ 5 секундқа жуық уақытқа созылады, балаға қызықты ойын түрінде өтеді.

Сабақ ірі қызыл қаріптермен жазылған сөздермен танысудан басталады. Келесі кезеңдерде сабақтарға есімдіктер, демеуліктер, қосымшалар, шылаулар, жұрнақтар мен жалғаулар жазылған үлестірме қағаздар енгізіледі. Топтамаға А. Маниченконың «Баланы оқуға қалай үйрету керек» кітабы енген, баламен жүргізілетін жұмыстың әдістемесі толық жазылған.

«Жөргектен оқу әліппесі»

«Баланы кемеңгер студің ең тиімді тәсілі – оны үш жасқа дейін оқуға үйрету» - деп көптеген жетекші балалар психологтері есептейді.

Атап айтқанда, ерте жастан оқуға үйретуде балабақша бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, кез-келген жетістіктерге жетуге көмектесетін аса ірі интеллектуалды әлеует қалыптасады.

«Жөргектен оқу әліппесі» топтамасы:

- интеллектісін, зейінін, есін, ойын дамытады;



- көптеген оң сезімдерін береді;
- үйдегідей секілді серуенде, қонақта дайындалуға мүмкіндік береді;
- баланы оқу үдерісімен қызықтырады.

Топтаманың құрамына 30 «кітапша-парақша», 480 сөзден құралған үлестірме қағаз, әріптер жазылған 82 үлестірме қағаз, А.Маниченконың «Жөргектен сөйлеп, оқимыз. Тіл дамыту.» кітабы енген. Онда балалардың қызығушылықтарын қолдайтын ойын үлгілері беріліп, ақпараттарды қабылдауын жеңілдетуге арналған кестелер мен иллюстрациялар, сабақтағы жетістіктерін, жеңіл бақылауға, баланың қызығушылық деңгейі мен баланың ерте дамуына жеке бағдарлама құруға көмек береді. Сонымен қатар, ата-аналарға арналған видеокурстар бар: «Жөргектен сөйлейміз» - 2 DVD, «Жөргектен оқуға үйрету» DVD.

Глен Доманның үлестірме қағаздары



«Доманның үлестірме қағаздары» 6 айдан асқан балаларды дамытуға арнайы жасалған. Олар тілінің, ойының, ес, баланың елестетуі мен жылдам оқу және жылдам ойлауын дамытуға жағдайлар жасайды. Сонымен қатар, баланы қоршаған ортамен таныстырып, сөздік қорын арттыруға керемет мүмкіндік. Топтама артында сабақтардың өзіндік күнделіктері бар және көрсетім саны белгіленген үлестірме қағаздардан құралған. Бала жиі қолданатын 150 сөз және «Алғашқы сөздер», «Күнделікті сөздер», «Жануарлар», «Сөз тіркестері» тақырыптарындағы 600 сөз тіркестері жазылған 5 интерактивті DVD дискілері бар.

Сонымен қатар, дискілерде оқуға үйрету және тілдерін дамыту бойынша қызықты ойын сабақтары бар сөздер мен сөз тіркестерін; сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары ашылатын балалармен түсірілген видеороликтер, қызықты фотолар мен суреттерді; түрлі фонда және әртүрлі әріптермен жазылған сөздер мен сөз тіркестерін; сөз жасаушылармен, ойындармен және көңілді әндермен анимация көрсету.

Әдістемелігі қарапайым: балаға бірнеше рет роликтерді 5 минуттан көрсету қажет, сөздерді тұтас оқуға, әріптер ұғымын дербес түсінуге үйренеді.

«Үш тілдің патшалығы»

Бұл технология мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік-коммуникативті құзыреттіліктерін дамытуға және оларды үш тілге – қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне үйретуге мүмкіндіктер жасайды. «Шикула и К» баспасының «Үш тілдің патшалығы» әдістемелік кешені қолданылады.

Кешен құрамына:

- «Үш тілдің патшалығы» (27 қоршаған ортаның тақырыптары: сөздер, фразалар, әңгімелер, тақпақтар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, ойындар) 5 кітабы;

- «Үш тілдің патшалығы» кітабына қосымша дәптері (бояу, шығармашылық тапсырмалар: «Лабиринт», «Суреті аяқта», «Артығын тап», «Бірдей заттарды тап» және т.б.);

- кітаптарға арналған тақырыптық суреттер (плакаттар) – 3 тілде сүйемелдеу;

- «Үш тілдің патшалығы» кітаптарына қосымша шағын кітапшалар (негізгі тақырыптар бойынша 28 кітапша). Шағын кітапшаларда сөздер мен үш тілдегі екі жолды өлеңдер берілген, бояуға арналған суреттер енеді.

«Мультимедиа»

Білім беру қызығушылығын «Мультимедиа» (Қытай) технологиясы ұсынады. «Multimedia» – көп орталылық немесе ортаның көптігін білдіреді. Орта деп дыбыс, видео, мәтін және басқалары да түсіндіріледі. Мультимедиа деп персоналды компьютерді мәтінмен ғана емес, сонымен бірге дыбыспен, графикамен, анимация және видеомен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдар мен кешенді түсінуге болады.




Мультимедиалық кешен құрамына балалармен жұмыс барысында оқытудың тиімділігі жоғары техникалық құралдар кіреді: сенсор арқылы басқарылатын проекциялық экран, мультимедиалық платформа, тілдік зертхана, интерактивті тақта, видео қабырға, бағдарламалық жасақтама.

Мультимедиа компьютерді мәтінмен ғана емес, сонымен қатар, дыбыс, жоғары сапалы бейнелер, видеофильмдерден құралған мәліметтер қорымен жұмыс істеуге ыңғайлы құрал ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Сәйкес бағдарламалық өнімдермен жұмыс сапасы мен деңгейі тез әрекет етуге, компьютердің жадында сақтау көлеміне, дыбыстық сипаттамаларға және қосымша жабдықтардың соның ішінде CD-ROM-ның болуына тәуелді.

Мультимедиа бағдарламалары – ғылымды қажетсінетін және қымбат бағалы өнім, өйткені оларды әзірлеуде пәндік саладағы мамандар, педагогтер, психологтер, бағдарламашылардың, сонымен қатар, суретшілер, дыбыс операторлары, сценаристер, құрастырушылар мен басқа да мамандардың күштерін біріктіру қажет. Көптеген елдерде қытай аналогиясы бойынша білім берудің түрлі деңгейлерінде оқыту бағдарламалары, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламалары әзірленуде. Осындай білім беретін электронды бағдарламалардың келешегі алда.

Мектепке дейінгі ұйым тәжірибесіне енгізілетін ақпараттық технологияларға «Сөйлейтін қалам» мен «Дыбыстық карталар» таңбалық - белгілік технологиялар да жатады. Олардың оқыту мүмкіндіктері, ойлау, зейін, ес, қабылдау, елестету қабілеттерін дамытуға әсері зор.



Бұл технология мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес. Оқытудың танымдық мазмұнына «Сөйлейтін қаламмен» бірге өлеңдер, әңгімелер, шығармашылық жобаларды орындауға арналған тапсырмалар жинағы енеді.

«Сөйлейтін қалам» қалам түріндегі кіріктірілген акустикалық, дербес қуаттандыру және ақпараттарды сақтау элементтері бар сымсыз құрылғы. «Сөйлейтін қаламда» белгілерді сәйкестендіру және санау құрылғысы бар.

Балалар көрнекі түсініктерімен қатар, басқа тілді білікті дыбыстық сүйемелдеуін алады. «Сөйлейтін қалам» балаларды оқытып қана қоймай, ата-аналар мен тәрбиешілерге де қажет, өйткені балалармен жеке жұмыс істеу барысында шетел тілінің оқытушысын немесе маман-педагогтің көмегін күтіп отырмайды.

Сөйлейтін қаламы бар

«Даналық әліппесі»

Интерактивті оқу-әдістемелік «Даналық әліппесі» кешені балаларға, отбасы тәрбиесіне арналып әзірленді. Құрамында әдістемелік нұсқаулығымен бірге, 12 кітабы бар: «Қобыз үні», «Домбыра күйі», «Бесік жыры», «Халық әні», «Халық аңызы», «Халық ертегісі», «Халық тағылымы», «Халық жыры», «Нақыл сөз», «Билер сөзі», «Аталар сөзі» және «Бабалар батасы»,



«Сөйлейтін қалам» бар.

«Сөйлейтін қалам» қағаздағы мәтінді дыбыстайды, қолдануда қарапайым және ыңғайлы.

Кешен мектеп жасына дейінгі балаларға, сонымен қатар, жоғары және орта деңгейдегі оқу орындарында оқытындарға арналған. Халық өнері мен шығармашылығының озық үлгілерін қолдану арқылы ұлттық және ұлтжандылыққа тәрбиелеуді қайта жаңғыртып, таратудың бірегей жолы.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Даналық әліппесінің» алғы сөзінде:

«Интеллектуалды технологиялар негізінде әзірленген «Даналық әліппесі» сіздің ой-өрісіңізді кеңейтіп, біздің халқымыздың асыл мұраларын меңгеру арқылы шешендік шеберліктеріңізді дамытады, рухани әлемін байыту үшін құнды құрал ретінде қызмет етеді деп есептеймін», - деп атап өтті.



«Зерек» сөйлейтін қаламмен бірге дамытушы ойын топтамасы



Озық технологияларды қолдана отырып, компания Қазақстан нарығына балаларды дамытып, оқыту үшін жаңа өніммен шықты. Жоғары технологиялық өнім педагогтерден, балалар психологтерінен, дизайнерлерден құралған шығармашылық топтың көп жылдық жұмыс нәтижесі болып табылады.

«Зерек» дамытушы ойын топтамасын әзірлеу барысында қолданылған әдістемелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен қолданды.

«ZEREK» қаламы – арнайы әзірленген кітап беттерінен ақпараттарды оқуға және кіріктірілген динамик арқылы дыбыстауға мүмкіндік беретін электронды құрылғы.

Бұл топтама 3 жасқа (2-3 жасқа, 4-5 жасқа, 6-7 жасқа) арналған кітаптар сериясынан, қаламның өзінен, 2 Гб есте сақтау картасынан, MP3 плеерінен тұрады. Плеердің көмегімен компьютерден алдын-ала жазылған музыканы, ертегілермен бесік жырларын тыңдап, жұмбақтар шешуге болады. Сонымен бірге топтамаға алфавит, файлдардың сақтаулы көшірмесі бар диск кіреді. Кітап бетіне берілген ақпаратты есту үшін «ZEREK сөйлейтін қалам» сканерін сол беттегі қызықтырған бөлігіне апарып жүргізу қажет, сонда кіріктірілген динамик арқылы дауысын шығарады. Берілген электронды құрылғы дыбыстарды дұрыс айтуға, әріптерді атауда, сөйлемдерді оқуда, санауда, сұрақтарға жауап беруде және білімдерін тексеруде көмек көрсетеді. Бұл баламасы жоқ отандық өнім.



Компанияда 3 тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) оқыту әдістемесі әзірленіп, енгізілуде.

Бұл құрылғыны қолдануда тіліндегі кемістігі бар балаларда жақсы нәтижелерді көрсетті. Логопедтер тілінде кемістігі бар балаларға қолдануды ұсынады.



«E-Blocks» бағдарламасы

Дамытушы технологияларға «E-Blocks» бағдарламасы да жатады.

E-Blocks – білім беру технологияларының үздігі Positivo Informatica компаниясынан әзірленген ғажайып білім беру өнімдерінің бірі.

E-Blocks бағдарламасы көптеген ұлттық және халықаралық марапатқа тағайындалып,

марапатталды. 2005 жылы E-Blocks Біріккен Ұлттар Ұйымының электрондық оқытудағы озық шешімі үшін WSA премиясын жеңіп алды.

E-Blocks – инновациялық сенсорлық оқыту әдісі, ол теория мен тәжірибені тұтас үдеріске біріктіреді.

E-Blocks бір ортада мультимедиалық бағдарламамен жасақтама мен алақан өлшемімен бірдей текшелердің көмегімен 3 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды тілдерге, қисынды ойлауға, математикалық түсініктерін қалыптастыруға керемет жағдайлар жасайды.

Бағдарлама мазмұнының міндеттері:

- дыбыспен, суреттермен және анимациямен сүйемелденетін интерактивті тәжірибелік тапсырмалар;
- өлеңдер мен әндер бойынша жаңа білімдерді қолдану және тапсырмаларды орындау;
- ойын арқылы қайталау.

Бағдарламада классикалық текше ойынының оқытудың интерактивті әдістемелерімен үйлесімділігі, яғни, мультисенсорлық оқыту жүзеге асады. E-Blocks® адамның ақпаратты қабылдауда барлық сезімдерін қолдануға бағытталған. Бала естігенін, көргенін және қолымен жасағанын қабылдап, есте сақтайды. Тілді үйрену барысында қол қимылдарының, есту және түстерді қабылдауын дамытуға жағдай жасайтын бағдарламалық қамтамасыз ету қарастырылған



Бағдарлама тілді дамытуға, тілдерді үйретуге, қоршаған ортамен таныстыруға көмектеседі. Балалардың белсенді танымдық іс-әрекеттеріне сүйене отырып, «E-Blocks» балаларға сөздік пен үйренетін тілдің құрылымына белсенді араласу мүмкіндігін ұсынады, балалардың ақпараттық тәжірибелері мен білімдерін жинақтауға жағдай жасайды.

Сөйлейтін плакат ойыны

Сөйлейтін плакат ойынының бірнеше міндеті мен тәртіптері бар. 50 белсенді түймесі бар. Үлкен ойын алаңында (53x39 өлшемді) орыс халық ертегілерінің көріністері бейнеленген. Ойынды бірнеше адам ойнауға болады.



Дамытушы ойынның интерактивті текшесі бар, ойыншы лақтыра отырып, өз фишкасын неше тор қозғауға болатынын анықтайды. Бағыттаушы сызықтардың бойымен текшені лақтыра отырып, ойыншы ертегі көріністерінен радиоспектакль тыңдайды, жүрісті жіберіп немесе бағыттаушы сызық бойынша алға жылжи отырып, ертегі кейіпкерлерінің басынан өткен оқиғаларды басынан кешіреді. Сонымен қатар ойыншы ертегіні толық немесе ертегі кейіпкерлері бейнеленген алаңның бөлігін басу арқылы тыңдауға болады. «Жұмбақтар» тәртібінде (250 жұмбақ) ойын алаңында бейнеленген заттар мен әріптерге жұмбақтар дыбысталады. Ойыншы жұмбақтың шешуі болатын түймені басуы тиіс.

Үйрететін, сөйлейтін ойындар

Үйрететін, дамытатын сөйлейтін ойындар сөйлейтін плакат-ойындар технологиясына негізделген. Жолда жүру ережесі, қоршаған орта (өсімдіктер және жануарлар әлемі, мамандықтар, т.б.) тақырыбындағы ойындар, интерактивті тапсырмалары бар түрлі ойындар баланы дамытады, оның есін шынықтырып, тілін дамытуға жағдай жасайды. Құрал өзіне кез-келген бағдарламаны орнатуға мүмкіндік береді.

Сөйлейтін кітап пен қалам

Сөйлейтін кітапты қарапайым кітап секілді оқуға болады немесе парақ бетіне жүргізу арқылы сол парақта бейнеленген ертегі кейіпкерлері мен ертегіні дыбыстайтын сөйлейтін қаламды қосып тыңдауға болады. Сөйлейтін қалам парақта бейнеленген ертегі кейіпкерлері мен заттардың дыбыстары, әуендерін, шуларын және олардың сөздерін дыбыстайды.

Сөйлейтін әліппе

«Дамытушы ойындар» топтамасынан «Сөйлейтін әліппе» ойынының бірнеше тәртібі мен міндеті бар. 50 белсенді түймесі бар. Үлкен ойын алаңында (53x39 өлшемді) алфавит әріптері мен түрлі аңдар, сонымен қатар, осы әріптермен басталатын заттар бейнеленген. Ойын тәртіптерінің бірінде түймелерін баса отырып, алфавиттің әріптері мен осы әріптен басталатын сөздерін тыңдауға болады. Ойынның басқа тәртібінде түймелерді баса отырып, бейнеленген жануарлар мен заттардың шуылы мен дыбыстарын естуге болады. Үшінші «емтихан» тәртібінде ойыншыға затты немесе әріпті табуды ұсынады, жауабы дұрыс болмаған жағдайда ойыншыға қайталауды ұсынады, дұрыс орындаған жағдайда ойыншыға жаңа тапсырма беріледі. «Жұмбақтар» (250 жұмбақ) тәртібінде ойын алаңында бейнеленген әріптер мен заттарға байланысты жұмбақтарды шешуде жұмбақтың жауабы басталатын әріптің түймесіне басу керек.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЕРЕСЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейтесті мәселелерінің бірі: білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту барысында бүлдіршіндерге қазақ тілін үйрету нақты бағдарламада берілген. Қазақ тілін оқыту «Біз мектепке барамыз», «Зерек бала» бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тілге үйретудің басты принциптерінің бірі – тәрбие мен оқуды бірыңғай үрдіске біріктіру. Қазақ тілі – әлеуметтік, рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиенің қайнар көзі. Балалардың сөйлеу мүмкіншіліктерінің даму барысында қазақ тілін оқыту күннен күнге арта түсуде.

Мемлекеттік тілді нәтижелі үйрету үшін оның оқыту әдістемесін жетілдіру керек, өйткені ол – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін маңызды мәселесі. Қазіргі таңда еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдарда, көбінесе, мемлекеттік тілді үйрететін педагогтардың арнайы мектепке дейінгі білімдері жоқ, яғни, олар бұрын мектептерде жұмыс жасаған жоғары білімді педагогтар болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау әдістемесін толық меңгермеген. Демек, мемлекеттік тілді үйретудің әдістемесіне тоқталмас бұрын, педагог, біріншіден, балалардың жас ерекшеліктерін білуі өте маңызды. Педагогика ғылымының көрнекті қайраткері Н.К.Крупская: «Педагог, біріншіден, не білуі тиіс – ол адам денесінің құрылысы мен қызметін, яғни, адам денесінің анатомиясы мен физиологиясын және оның дамуын. Онсыз жақсы педагог болуға, баланы дұрыс өсіріп, тәрбиелеу мүмкін емес» деген.

Балалардың жас кезеңдеріне тәуелді морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерді білу, оны тәрбие жұмыстарында тиімді пайдалану – әрбір педагогтың міндетті ісі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға тілді үйретуде маңыздысы әңгіме әдісі немесе сұрақ-жауап әдісі, ал кейде эвристикалық әдіс деп те аталады. Тәрбиеші сұрақ қояды, балалар өз білгендері бойынша жауап қайтарады. Бұл әдіс балаларды ойландырады, өздіктерінен пікір айтуға итермелейді, олардың белсенділіктерін күшейтеді, зейіндерін сабаққа аударуды қамтамасыз етеді. Эвристикалық әдіс кейде проблемалық әдіспен ұштасады. Әңгіме кезінде балалардың алдына белгілі бір міндет немесе проблема қойылады, оны балалар өздері шешуге тиіс. Мысалы, оларға бақылауға бірнеше сөз немесе сөйлем беріледі, соның ішінде мағынасы жағынан бір сұраққа (мысалы қайда сұрағына жауап беретін әр түрлі жалғауда тұрған зат есімдерді, мәселен, қалада, далада, мектепте, балабақшада т.б.) жауап беретін бірнеше сөздерді табулары керек.

Сабақтарда өтіліп отырған материалға балалардың ой жүгіртуіне, пікір айтуына қарай индуктивтік немесе дедуктивтік әдістер қолданылады. Тәрбиеші бірде тіл құбылыстарын жеке-жеке түсіндіріп, сонан, жалпы қорытынды шығартады; бұл жолда қолданылған әдіс индуктивтік деп аталады. Ал, екінші

жағдайда анықтаманы немесе ережені хабарлап, сонан соң нақты материалға қолдануды ұсынады, өздеріне мысал келтіреді. Мұндай жолмен ұйымдастырылған жұмыста қолданылатын әдіс дедуктивті әдіс деп аталады.

Қандай әдіс болмасын әртүрлі құралдар арқылы іске асады. Құралдар: оқулық, сөздік схема, картина, таблица, кинофильм, диафильм, радио, магнитофон, т.б. бұл құралдар өтілетін материалдың сипатына қарай кез-келген әдісте қолданыла береді.

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуға үйрету заңдылықтары

Бірінші заңдылық	Тілді ұғыну барысында адам фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналарды меңгереді. Балалар тілдің фонологиялық мағынасын, әдеби тілдің орфоэпиясын мектепке дейін меңгереді. Ана тілінің грамматикалық мағынасымен де балалар мектепке дейін танысады. Тілді ұғыну дегеніміз – ана тілінің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық фактілерімен балалардың тіл байлығын арттыру. Әдістемелік принцип төмендегі әдістемелік ережелерді ақтауды талап етеді. 1. Балаларда орфоэпиялық дағды қалыптастыру; 2. Грамматикаға үйрету барысында логикаға үйрету; 3. Қазақ тілін басқа пәндермен байланыстыру;
Екінші заңдылық	Тілді ұғыну үшін орасан зор сезімталдық керек. Мұндай қасиет балада тіпті сәби кезінен болатынын зерттеушілер айтып жүр. Бұл принцип төмендегі ережелерді сақтауды талап етеді. 1. Балалардың бұрыннан білетін сөздерін тәртіпке келтіру. 2. Балалар өздеріне таныс грамматикалық көріністерді белгісіз көріністермен салыстыра алатындай материалдар іріктеу. 3. Тілдік фактілерді жинақтауға негізделген әдістерді кеңінен пайдалану.
Үшінші заңдылық	Фонологиялық, грамматикалық және лексикалық мағыналармен қатар сөйлеу мәнері сезімге бөлене сөйлеуді меңгереді. Мұндағы әдістемелік принцип: сөйлеу мәнеріне назар аудару.
Төртінші заңдылық	Жазбаша сөйлеу ауызекі сөйлеудің таңбалау жүйесіне аудару ретінде ұғынылады. Ана тілін оқытуда жазбаша сөйлеудің ауызшамен салыстырылуы мынадай әдістемелік принципке негізделеді: 1. Ауызекі сөздегі дыбыстармен жазғандағы әріптерді салыстырып отыру; 2. Дауыс ырғағы мен тыныс белгісін салыстырып отыру; 3. Ауызша және жазбаша жаттығуларды ұштастыру.
Бесінші заңдылық	Фонетикалық грамматикалық және лексикалық мағыналардың барлығы және тиісті жазбаша таңбалар ұғыну барысында меңгеріледі. Бұл принципті іске асыру ережесі мынадай: 1. Көрнекілікті пайдалану; 2. Есту құралдарын пайдалану; 3. Оқу құралдары, көркем мәтіндер, газеттер, журналдар; 4. Балалардың басқа пәндерді өту барысындағы сөйлеу практикасы пайдаланылады. Бала әуелі көру не есту арқылы қабылдайды, ал оның мәнін сонан соң ғана аңғарады.
Алтыншы заңдылық	Тілге үйрену сөйлеу органдарының, жазатын қолдың жаттығулары, қимыл қозғалыстарының тәртіптелуі, дағдының қалыптасуы арқылы іске асады. Мұғалімнің айтқанын естіп қана тіл үйренуге болмайды. Әрбір бала өзі оқып

	жазып сөйлемдер құрастырып, сөйлемдерді сан салаға өзгертіп, өзі әрекет еткенде ғана нәтижеге жетеді.
Жетінші заңдылық	Тілге жүйелі түрде сатылап үйрету. Тіл лексика және грамматикалық формалар арқылы ғана дамиды, ал екінші тіл неғұрлым бай болса, тілдік деректер де соғұрлым ұғынады. Сондықтан балалар үйренгендерін ұмытып қалмау үшін тілдік материалдарды көбірек беріп, сөйлегенде қолданып отыруына жағдай жасалады. Мұнда қайталаудың алатын орны ерекше және бала есінде саналы түрде, түсініп сақтауы үшін ойлау операцияларын қолдану қажет: Салыстыру, анализ, синтез, жалпылау, нақтылау, дедуктивтік ой қорытындыларын жасай алатындай болуы тиіс.

Балалар тіліндегі ерекшеліктер – сөздің дыбысталу жағын дұрыс айтуға қабілетті бола бастайды. Олардың фонетикалық есту сезімі жетіле бастайды. Бұл жағдайда жеке сөздердің дыбыстық жағын дұрыс айтуына негіз болады.

Екінші ерекшелігі – олар өзінің сөйлеу тіліндегі мүкістікті байқамайды, сөйлеу органдарын дұрыс пайдалану керектігін ескермейді, артикуляциялық аппараттары дыбыстау жағынан әлі толық жетілмегендіктен, кейбір дыбыстарды қате айтады. Сондықтан, оларды сөздің дыбыстық жағынан дұрыс айтуға жаттықтыру жұмысы – тіл дамыту ісінің негізгі бір бөлігі болып табылады. Ол үшін педагог өзі жұмыс істейтін топтағы балалардың сөйлеу дәрежесін, әр баланың өз қолдану ерекшелігін бақылап, күнделік жүргізуге тисті. Бұл жұмыс тілді үйретудің алғаш күнінен басталады. Сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарда педагог түрлі суреттер мен ойыншықтарды пайдалана отырып, әр баламен жеке сөйлесіп, сөйлеу дағдысындағы кемшіліктерді анықтайды. Баланы толық зерттеу мақсатында түрліше жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Балаларға күрделі дыбыстар жиі қатысатын сөздер, суреттер, өлең, тақпақ, ойын түрлерін әзірлеп беруге болады.

Баланың тіл мүкістігін түзету үшін өтілетін сабақтар бір мазмұнды бірнеше бөлімнен құралады. Сабақтың бірінші бөлімінде үйрету мақсаты қойылады. Педагог мысалы, «Ү дыбысын дұрыс айтып үйренеміз» - деп түсіндіреді. Сонан соң, жеке дыбыстарды айтқанда сөйлеу мүшелерінің қандай жағдайда болатынын көрсетеді. Сабақтың екінші бөлімінде сол дыбыс қатысатын сөздерді айтқызып жаттықтырады. Педагог өзі бірнеше суретті (р не л дыбысы қатысатын) көрсетеді, балалар ондағы затты айтады. Балаларға өз ойларынан бірнеше мысал айту ұсынылады. Олар жауап береді.(шар, тор, кино т.б.) сабақ соңында сол дыбыстар жиі қатысатын өлең, тақпақ не жаңылтпаш оқылады. Ал сабақтың екінші бөлімінде дидактикалық ойын ойнатып, сахналау, драматизация жасатуға болады.

Түрлі жаттығу жұмыстарын бағдарлама талабын ескере отырып, басқа сабақтарға қосымша жоспарлауға болады. Күнделікті тәрбие жұмысы кезінде таңертең сабаққа дейін яғни режимдік сәттерде түскі ұйқыдан соң әртүрлі жұмыспен байланыстыра өткізуге де болады.

Балаларды сөздің дыбыстық құрамына талдау жасай білуге үйрету үшін де жаттығу жұмыстары өтіледі. Балаларды түрлі дыбыстарды айта білуге, әдеби тіл

нормаларында сөйлеуге үйрету қажет. Бұл жұмыста бас материал сықақ, өлең, тақпақ, мақал-мәтел оқу, жаңылтпаш айттырып, жұмбақ шештіру, әңгімелеп айтқызу. Суреттерге сипаттама жасату, ұқсас дыбыстарды ажырата білуге үйрету үшін суреттер даярлау: ш, ж, ч, щ дыбыстарына – шұлық, жәшік чемодан, щетка: р, л, с, з дыбыстарына – радио, лақ, стол т.б. Дауыс күшін, ү ырғағын дұрыс қолдануға үйрету. Ондайла: «жасырын сыр» «сөзді бірінен-біріне ақырын айту, жаңғырық (сөзді әр түрлі дауысты қатты, баяу, орташа қолдану) алыс-жақын (дауыс тонын көтере және төмендете оқу). Мұндай сөздер жақын және алыс, өте әріректе отырған балалар еститіндей дәрежеде айтылады. (ызың-ызың, сырт-сырт) Дыбыс сөз деген ұғымдарды меңгере отырып, сөздің дыбыстан құралатындығын түсіндіру қажет.

Балабақшалардың ересектер тобында балаларға оқып беретін мәтіндердің мағынасы ауқымды, тілі жеңіл, көркем, ойы орамды, тәрбиелік маңызы зор, балаларға айтары да, үйретеді де көп болуы қажет.

Балаларға қазақ тілі материалдарын анық, дәл түсіндіруде іске асырылатын принцип-көрнекілік принципі. Бұл принцип балалардың дыбыс жүйесіндегі білімі мен дағдыларын әрі қарай нығайту үшін және оны жете меңгерту үшін қолданылады. Әр сабақ сайын көрнекі құралдар пайдаланылады. Көрнекілік принципі деп бала тікелей қабылдайтын нақты образдарға құрылған оқуды айтады. Көрнекілік баланың зат, құбылыс туралы түсінігін нақтылай түсінеді, бақылау қабілетін жетілдіріп, ақыл-ойын дамытады, оқу процесін қызғылықты етеді.

Көрнекілікті пайдалану арқылы балаларға өтілетін тақырыпты қызықты әрі жеңіл, бала қиялына әсер ете отырып, оның түсінігіне сай әр түрлі заттарды немесе плакаттарды қолданып, сабақты тиімді өткізуге болады. Көрнекілік балаға жан-жақты әсер етеді. Балалар бірінші педагогтан сабақты тыңдайды, екінші көрнекілік арқылы оны көз алдына елестетіп немесе нақтылы заттар арқылы көреді. Балалар, әсіресе көзбен көрген, қолмен ұстаған нәрселерін тез естеріне сақтайды. Сондықтан көрнекілікті пайдалану педагог үшін де, бала үшін де тиімді.

Әдіскер ғалымдар қазақ тілі сабағында қолданылатын көрнекілік түрлерін төрт топқа топтастырады. Олар:

- 1) Нақты көрнекілік (затты немесе құбылысты тікелей көрсету)
- 2) Бейнелеу көрнекілігі (сурет, схема, кесте, плакат, диаграмма т.б.)
- 3) Дыбыстық құралдар (магнитофон, компьютер, диафильмдер т.б.)
- 4) Көркем сөз арқылы бейнелеу (педагогтың балаларға заттар мен құбылыстарды түсінікті де жеңіл түрде бейнелеп баяндауы)

Көрнекі құралдың түрлері әдіскерлік, педагогикалық тұрғыдан дұрыс жасалу үшін оған мынадай талаптар қойылады:

1. Көрнекі құралда берілген материалдың мазмұны балабақша бағдарламасына сай негізделіп, сөйлемдері ұзақ, мәтіндері ауыр болмауы керек. Егер балалардың түсінуіне ауыр материалдар берілсе, оның көрнекілігі де шамалы болады.

2. Көрнекі құрал белгілі бір тілдік материалға арналып, соның негізгі белгілерін дәл көрсететіндей болуы керек.

3. Көрнекі құрал таза, әріптері анық, жазуы топқа түгел көрінетіндей анық болуы керек (плакат, кесте, фотосуреттер)

4. Материалдың негізгі белгілері (әріптер мен сөздер) қызыл сиямен жазылып, қалғандары жай сиямен жазылуы керек. Көрнекі құралды екі-ақ түрлі сиямен өте қажетті болған жағдайда ғана үш түрлі сиямен жазуға болады.

5. Көрнекі құралдарда шартты белгілерді орынсыз көп бере беруге болмайды.

6. Ондағы берілген мәтіндер мен мысалдардың тәрбиелік маңызы күшті, тақырыптық ғылыми өзгешеліктеріне лайық болғаны дұрыс. Қайшы пікір туғызатын мысалдар берілмеуі керек.

7. Балаларға тартымды және көрнекті болуы үшін оны көлемі кішкентай қағазға жасауға болмайды. Оған арналған қағаздың ұзыны 1 метр, көлденеңі 75 см болғаны дұрыс.

Көрнекілік әдісі қазақ тілін оқыту әдістерінің ішінде орын алатын әдістердің түрі. Ол жаңа материалды түсіндіру сабақтарында да, өткен материалды қайталау, бекіту сабақтарында да кеңінен пайдаланылады. Педагогтың сөзі мен көрнекілікті ұштастыру – қазақ тілінің теориялық материалын балалардың сапалы әрі берік меңгеруінің, практикалық дағдыларды игеріп, іскерлікке үйренудің негізгі шарты болып табылады.

Қазақ тілінде қолданылатын көрнекілік құралдардың бір түрі – техникалық құралдар.

Ғылыми-техникалық процесс, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығына ғылым негіздерінің бойлап кіруі балаларға берілетін білім деңгейін көтеріп, оқу-тәрбие процесін барынша жақсартуды талап етеді.

Осыған орай оқыту ісіне қойылатын талап-тілектің өсуі, балалардың көп нәрседен хабардар болуы педагогтың өзі оқытатын пәнін де, жалпы ғылым негіздерін терең білуін және сол мол білімді балаларға шебер жеткізуін талап етеді. Демек, мұндай шеберлік-оқыту тәсілдерін жетілдіру, техникалық құралдарды, бағдарламамен оқыту мүмкіндіктерін пайдаланып, сабақты тиімді, ұдайы ізденуі арқылы қол жеткізуге болады.

Оқу пәндерінің ғылыми-теориялық дәрежесін көтеру, оқыту тәсілдерін жетілдіру, балаларға кең көлемде білім беру жолдарын қарастыру, оқу-тәрбие процесін одан әрі жетілдіре түсудегі негізгі міндеттер белгіленді. Атап айтқанда, әр педагогты оқытудың тиімді әдістерімен қаруландыру, терең білім беруге жағдай туғызу, оқытудың кабинеттік жүйесіне көшіп, техникалық құралдарды кеңірек қолданып ұйымдастыру, әсіресе әр топтағы үйретілетін материалдың ерекшелігіне қарай орынды жерде проекциялық дыбысты жазып алатын және оны қайталап естіретін аппараттар, радио мен теледидар, кинопроектор, эпифильм, диафильм, кинофильмдердің фрагменттерін пайдаланып, сабақты мазмұнды әрі тартымды жүргізу талап етілуде.

Психология-педагогикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне қарағанда, техникалық құралдарды пайдаланып өткізілген сабақта балалар

жалықпайтындығын, жаңа оқу материалын қабылдау процесіне балалардың әр түрлі сезім мүшелері қатысатындығын, соның нәтижесінде, балалардың оқуға қызығушылығы артып, түсіндірілген материалды олардың берік қабылдауына мүмкіндік туғызатыны дәлелденді.

Демек, оқу-тәрбие ісінде техникалық құралдарды пайдалану әрбір мектепке дейінгі ұйымдар тәжірибесінен лайықты орын алуы керек.

Сабақта балаларды сөйлеуге дағдыландыру барысында қолданылған жаттығулар, тапсырмалар жүйесі, көрнекіліктер, тестілер, қойылған өзекті сұрақтар, еңбекке қатысты мақал-мәтелдердің мән-мағынасы балаларды ақыл-ойын дамытуды көздейді. Балалардың ақыл-ойын, тілін, сөйлеу дағдысын өрістетуді тәрбиелеуде пікірсайыс түрінде өткен сабақтардың рөлі ерекше.

Білімді меңгеру процесінде балалардың ойларын жандандырып, оларды ауызша сөйлеуге дағдыландыра түсуге қолданылатын жұмыстар да ұтымды әдіс-тәсілді пайдалануды керек етеді.

Бұл баланың жалпы жетілуіне, өмір тәжірибесіне де байланысты. Бұл орайда, тағы да оқу процесінің рөлі зор. Бала кітапты немесе қосымша пайдаланған мәтіндерді тыңдай отырып, өмірмен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен танысады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру жұмыстарында халықтық інжу-маржандары мақал-мәтелдерді ұғындыру, түсіндіру халқымыздың еңбексүйгіштігін дәлелдеу, халқына құрметпен қарау, сыйлау сезімін тудырады.

Қазақ тілін үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеріп, әдіс-тәсілдерді таңдап, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлерін қою қажет. Алғашқы тіл сабақтарынан бастап, баланы өзге тілде сөйлеуге құлшындыратын айналасындағы зат, құбылыстардың қазақша атауларын үйрету үшін қолданылатын ыңғайлы әдістердің бірі – дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Әр түрлі топтағы балалардың шамасына қарай берілетін бағдарлама материалдарын меңгертуді, үйренген білім дағдыларын бекіту жұмыстарын дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асыруға болады. Ойынның пайдасы – баланың ой-өрісін қалыптастырып, дамытады. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырады.

Дидактикалық ойындардың түрлерін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдану қажет. Баланың ауызекі тілде сөйлеуін, тілдің дыбысталу мәдениетін, байланыстырып сөйлеу мен сөздік қорын дамыту үшін сабақта және үйде ойналатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Дидактикалық ойындардың мақсатына сәйкес шарты нақты көрсетіледі. Ойын шарттары мен көрнекіліктерді пайдалану арқылы баланың жеке басын, ойын әрекетін дамытуға болады.

Арнаулы қазақ тілі құралдарының қатарында ерекше орын берілетін ойын түрлері – қазақ тіліне тән ә, ү, ұ, қ, ң, ғ, і, һ дыбыстардың дұрыс айтуға арналған дидактикалық ойындар болуы керек, яғни дыбыстық жаттығулар, аударма сөздіктер, жұмбақ, жаңылтпаштар, санамақтар қамтылған ойындар.

Қазақ тілін оқытуда пайдаланылатын дидактикалық ойындар: балалардың сабақ үстінде алған білімдерін бекітуге, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуге, қазақша сөйлеу үлгілерін еркін қолдануына бағыт береді, ұйымшылдыққа үйретеді. Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі ұлт балаларының да, өзге ұлттың балаларының да тілдерін дамытуда өте маңызды рөл атқарады. Әр сабақта ойынды тиімді пайдалану арқылы сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын арттыруға болады. Сонымен қатар бұл сол сабақтағы өтілетін жаңа тақырыпты баланың жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Дидактикалық ойын барысында балалардың зейінін, жылдамдықтарын, тапқырлықтарын, байқағыштық қасиеттерін дамыта отырып, дыбыстарды ажырата білу мен сөздік қорын молайтуды жүзеге асыруға болады. Дидактикалық ойын арқылы тіл үйрету тиімді әрі нәтижелі болары сөзсіз.

Ойын-әлеуметтік қызмет. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады.

Балаларды қажетті білім дағдыларымен қамтамасыз ету үшін педагог әр сабақта жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Ол үшін педагогтың әдіскерлік шеберлігі, теориялық білімі, ұйымдастырушылық қасиетінің жоғары деңгейде болуымен қатар, құнды жасалған көрнекілік, электрондық оқулық, аудио, бейнетаспалардың болуы да қажет. Осыған байланысты бір ғана электрондық оқулықтардың тиімділігін айта кетсек, олар:

- әртүрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындауды қамтамасыз ету;
- тілді үйрену уақытын үнемдеу;
- көрнекілік және түсініктілік принципін пайдалану мүмкіндігі;
- бейнелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы;
- дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі;
- баланың өз бетімен жұмыс істей алуы;
- тілді білу деңгейін бақылау және бағалау.

Сондай-ақ, электронды оқулықтағы оқыту, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалар жиынтығы тіл үйретуде жай оқулықтарға қарағанда өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Олар жинақы, ыңғайлы түрде алынады, өйткені электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Оны пайдалану барысында төмендегі мақсаттар жүзеге асырылады:

- тыңдалым арқылы екпін, қазақ тілінің төл дыбыстарына назар аударту; тыңдау арқылы қабылдауға, есте сақтауға, дұрыс оқуға дағдыландыру;
- оқылым арқылы мазмұндап, өз ойын айтуға үйрету; оқу жылдамдығын арттыру; оқу арқылы мазмұнын меңгерту;
- жазылым арқылы берілген түрлі жаттығулар мен тапсырмалар арқылы тіл үйренушінің сауаттылығын арттыру; қойылған сұрақтарға жауапты жазбаша жазуға үйрету;
- көру арқылы берілген тақырып бойынша материалды пысықтау;
- әртүрлі тапсырмалар, тест арқылы баланың білімдерін тексеру.

Толассыз ақпараттар ағымын бүкіләлемдік Интернет жүйесі, спутниктік каналдар, теледидар, ұялы байланыс арқылы көріп, естіп қабылдауға

машықтанған ХХІ ғасырдың өкіліне нағыз керегі – сандық бейне, анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту т.б. компьютерлік технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиалық бағдарламалар тіл үйретуді жеделдетуге, оқу уәждемесін көтеруге, сөйлесім әрекетін дамытуға зор әсерін тигізеді.

Адамзат алдында тұрған басты міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Ол тіл арқылы жүзеге асады. Баланың тілі бай болса, оның ойы да кең болады. Сондықтан оның тілін байытып, ойын кеңейте түсу үшін өлең, ертегі, әңгіме, мақал мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, әдеби шығармалардан үзінділер оқытып, таныстырудың маңызы зор. Сол арқылы олардың ойлау қабілеттері артып, көргендерінен ой түйіп, қорытынды жасауға үйренеді.

Баланың алғашқы ұстазы ата анасы, тетелес ағалары мен апалары, тәрбиеші ұстаздары. Олармен күнбе күн араласу, сөйлесу арқылы баланың тілі күн сайын жетіле береді. Баланың тілі бай болса, ойы да жақсы дамиды. Мазмұны терең, тілі көркем, оқуға жеңіл, үзінділер оқып үйрену, үйренгендерін өз сөздерінде қолдана білу балалардың сөздік қорын молайтады. Оларды жүйелі ойлауға, ойын дұрыс түсіндіруге жаттықтырады.

Жеткіншек ұрпақтың жан жақты дамуына жағдай жасау жалпыдан жекеге қарай, яғни жеке тұлғаны дамытудың, баланың тілін дамытудың, оның жеке қасиеттерін ашып, білімі мен біліктілігін күшейте отырып, өзара қарым қатынаста қолданатын сөз байлығын молайту болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен оң нәтижелерге жетуге бағытталған оқытудың әдіс-тәсілдері мен тәрбие құралдарының жүйесі.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық ұжымдары отандық және шетел тәжірибелерін зерттеу негізінде өз жұмыстарында инновациялық технологияларды ендіруде.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық іс-әрекеттің мақсаты – білім беру үрдісін заманауи тиімділігі жоғары технологиялармен және балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдістемелермен қамтамасыз ету.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр баланы оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; баланың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті, қазір жалпы барлық білім беру ұйымдарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде баланың белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту, олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, ұйымдастырылған іс-әрекетте өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді.

Ұсынылып отырған инновациялық технологиялар мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтар қауымына білім беру үдерісін дамытуда, заманауи ғылыми деңгейде ұйымдастыруға көмектеседі. Сондықтан мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға инновациялық технологиялар арқылы мемлекеттік тілді меңгерту өте тиімді. Қазіргі қоғамдағы ғылыми-техникалық үдерістен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы. «Білім баспасы», 1998.
2. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
3. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. – Алматы. 2005.
4. Жалпы орта білімді ақпараттандыру мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 1997.
5. Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2011.
6. Инновационные подходы в практике работы дошкольных учреждений- Семипалатинск, 2006
7. Б. Баймұратова. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы-Алматы: «Рауан»1991
8. Қ. Шаяхметұлы. Әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында қазақ тілінде оқыту мен тәрбиелеудің мәселелері-Колледждерде оқытылатын мемлекеттік тіл: тарих, бүгінгі мен болашағы. Семей-2006. 19- бет
- 9.Ф. Дүкенбаева. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.-Алматы-1992
10. З.Бейсембаева. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы,2002
11. С. Қалиев, Б. Баймұратова. Өзіміз оқып үйренеміз. А. 1991
12. Қ.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. А., 2004

МАЗМҰНЫ

Түсіндірме жазба	3
Инновация туралы түсінік	4
Мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық технологиялар	10
Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларға қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістері	18
Қорытынды	26
Пайдаланған әдебиеттер	27